



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәжіліс

Жылу маусымы: дайындық жайы қалай?

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте алдағы жылу маусымына дайындық, қатты отын қорын ертерек қалыптастыру және оны жеткізу мәселелері қаралды. Ардақ Әбдіғаппарұлы жауапты сала басшыларына көмір қоймаларында отын қорын осы бастан жасақтауды тапсырды. Сондай-ақ маусым басталғанға дейін бұған қатысты мәселе болмау қажеттігін қаперге салды.



– Көмір вагондары белгіленген кестеге сай тұрақты келіп тұруы тиіс. Аудан тұрғындарының күз, қыс мезгілінде көмірді қымбат бағамен сатып алмауы үшін қазірден қамдану қажет. Бүгіннен бастап көмір қорын жасақтап алған абзал. Сондықтан барлық жауапты тұлғалар мен кәсіпкерлерге көмір жеткізу жұмыстарын ертерек ұйымдастырып, қажетті шараларды шұғыл қолға алуды тапсырамын, – деді Ардақ Ибраимов.

Мәжілісте әлеуметтік маңызы бар нысандарға, білім беру және денсаулық сақтау салаларына қажетті отын қорын осы кезден жеткізу жұмыстарына шұғыл кірісу қажеттігі айтылды. Сонымен қатар отын қорын кәсіпкерлермен бірлесе отырып жеткізу, келісім-шарттар арқылы оны уақытылы тасымалдау мәселелері қаралды. Бұл бағытта жауапты азаматтарға бірқатар міндет жүктеліп, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Айта кетейік, 2025-2026 жылдардағы жылу беру маусымына аудан бойынша қатты отын қажеттілігі 9 300 тоннаны құрайды. Оның ішінде 2 500 тоннасы әлеуметтік нысандар өңісінде. Ал

аудан тұрғындарына қажеттілік 6 800 тоннаны құрайды. Аудан бойынша 82 әлеуметтік нысанға сұйық отынның қажеттілігі – 1 708 тонна, қатты отын қажеттілігі – 2500 тонна.

Жалпы ауданда барлығы 82 әлеуметтік нысан бар. Оның 25-і сұйық отынмен, 39-ы қатты отынмен, 18-сы газбен, 2-еуі электр қуатымен жылытылады.

2025-2026 жылдардағы жылу маусымына дайындық пен оны өткізуді үйлестіру жөніндегі аудандық штаб құру, ауданның өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін жылу маусымына дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары аудан әкімінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі №178 өкіміне сәйкес бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №55 бұйрығымен бекітілген «Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларына» сәйкес әзірлік паспорттарын алуға 15 тамыздан бастап құжаттар қабылданауда.

Айта кетейік, аудандағы 3 елді мекен табиғи газ желісіне қосылған. Қазіргі

таңда Жалағаш кентіндегі 3 156 тұрғын үй кегілдір отынмен жылытылады. Ақсу ауылдық округіндегі 252, Мөрәлі Шәменов елді мекені бойынша 126 тұрғын үй орталықтандырылған газ желісіне қосылған. Бүгінде аудандағы үйлердің 50 пайызы табиғи газдың игілігін көріп отыр.

Осыған дейін елді мекендерді табиғи газ желісіне қосуды жалғастыру мақсатында Қаракеткен, Далдабай елді мекендерін газдандыру жұмыстарына демеушілік есебінен жобалау-сметалық құжаттары әзірленген. Мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп, мердігер мекеме де анықталды. Жобаның жалпы құны – 1,1 млрд теңге. Жобаны қаржыландыру үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған.

Мұнан бөлек Бұқарбай батыр елді мекенін газдандыру жұмыстарына демеушілік есебінен жобалау-сметалық құжаттар әзірленді. Жоба құны – 1 млрд 329,7 млн теңге. Жобаны қаржыландыру үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған.

Бұқарбай батыр, Қаракеткен және Далдабай елді мекендеріне газдандыру жұмыстары жүргізілген жағдайда аудан халқының 63 пайызы табиғи газбен қамтылмас.

Биыл нысандарды газдандыру жұмыстарына келсек, Мөрәлі Шәменов ауылындағы №34 орта мектеп, «№18 бөбек» бөбекжай-бақшасы, Ақсу ауылындағы №116 орта мектеп, Жалағаш кентіндегі №201 мектеп-лицей, №31 мектеп-гимназиясы және «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы қазандықтарын реконструкциялау және табиғи отын түріне алмастыру жоспарланған. Жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу үшін және жобаны қаржыландыруға облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған. Сонымен қатар Жалағаш кентіндегі аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жөлуашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің төңірегіндегі әкімшілік ғимаратты газдандыру үшін де жоба-сметалық құжаттар әзірленген.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Аудан бойынша ұзындығы 242 шақырымды құрайтын 223 көше бар. Оның 201,2 шақырымы, яғни 83 пайызы қанағаттанарлық, 40,8 шақырымы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Биыл ауданның жол саласын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен жалпы құны 1 млрд 731,3 млн теңге бөлінген. Аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов және мәслихат депутаттары Жалағаш кентіндегі көшелерге жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

11 көшеде құрылыс қарқынды



Жалағаш кентінің 9,3 шақырымды құрайтын 11 көшесін күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 678,7 млн теңге қаралып, қазіргі таңда күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мердігер мекеме – «Қызылорда жолдары» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «SD Проект Консалтинг». Авторлық қадағалаушы – «Димаш Сервис».

Сонымен қатар депутаттар №31 мектеп-гимназия ғимаратында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен және мектептің қыс мезгіліне дайындығымен танысты. Халық қалаулылары білім бөлімінің басшысы мен мектеп директорына жаңа оқу жылы басталмас бұрын жөндеу жұмыстарын сапалы аяқтауды тапсырып, мектептің бу қазандығына байланысты сын-ескертпелерін айтты.

«ЖЖ» ақпарат

Еңбек адамы

Кәсіпкер келіншек

Соңғы жылдары ауданда кәсіпкерлік саласының артуына нәзікжандардың қосқан үлесі зор. Оған мемлекет тарапынан берілетін қолдаудан бөлек, өз қаражаты есебінен шағын және орта бизнес саласында жоғары жетістікке жетіп жүрген кәсіпкер келіншектер дәлел. Назгүл Сыдыққызы – кәсіпкерлік саласында өзіндік орны бар, озық ойлы келіншектің бірі. Ол аудан тұрғындарының сұранысына сәйкес кондитерлік өнімдер дайындаумен қатар қазанға бір салып, қайнатып ала қоятын жартылай дайын өнімдер әзірлейді.

Кеше кәсіпкер келіншектің шағын цехына табан тіреліп, бүгінгі тынысымен таныстық. Бара сала кейіпкеріміздің кезекті тұтынушысының тапсырысын орындап жатқанына куә болдық. Тұтынушысын шығарып салғанша цехтың ішімен танысып, шағын кәсібін деңгелетуде аянбай еңбек етіп, ішін қажетті құрал-жабдықпен толтырғанын аңғардық. Мұнда тоңазытқыш, мұздатқыш, миксер, пеш, тәттілер салуға арналған ветринарлық түр-түрі бар.

«Әйел бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді» демекші, үй шаруасы, келіндік қызметімен қатар кондитерлік кәсібін жүргізіп отырған Назгүл жан-жақты еңбек етеді. Шағын орталықтың тынысымен танысу үшін кәсіпкер келіншекті өңімізге тартып, кәсібінің қыр-сырымен таныстық.

Бойжеткен кезінен дәмді тағамдар мен тәттілер пісіруге ептілігі мен қызығушылығы жоғары болған Назгүлдің сол кездегі арманы кондитер цехын ашу болған. Сол арманың жетегінде жүріп, ол ең алғаш 2016 жылы үйінің бір бөлмесін шағын цехқа айналдырған.

Кейін, яғни 2023 жылы 6 пайызбен жеңілдетілген несие алып, үйінің ауласына 3 бөлмелі шағын цех салып, той-томалаққа арналған тіскөбесар тәттілер әзірлеп бастаған. Алайда тапсырыс беруші тұтынушылар ауылға қарағанда кенттен көбірек болуына байланысты кейіпкеріміз кәсібін аудан орталығында жалғастыруға бел бұған.

Айта кетейік, Назгүл – Қаракеткен ауылының тұрғыны. Негізгі мамандығы – информатика пәнінің мұғалімі. Ауылдағы алтын ұяда зертханашы болып жұмыс жасаған. Қазіргі таңда сәбилі болуына байланысты демалыста.

Ол – көпбалалы ана, яғни «Алтын алқа» иегері. 6 қыздан кейін өмірге атұстар ұл әкелген кейіпкеріміз кішкентай батырға Өркен деген есім қойған. Осылайша 2023 жылы аудан орталығынан ұлнығын атынан ашылған «Өркен тәттілері» деген кондитерлік цех өз жұмысын бастап, бүгінде талғампаз тұтынушылардың көңілінен шығып келеді.

– Қыз бала болған соң ас үйдегі жұмыстарға ес білгеннен епті болдым. Түрлі тағамдар мен тәттілер пісіргенді жақсы көремін. Дастарқаным қойған тәттілерімнің дәмін туған-туыс, көршілерім көргеннен кейін олар да ұнатып, той-томалағында тапсырыс бере бастады. Бұл да менің кәсіпке келуіме басты себеп болды десем де болады. Өйткені елдің алғысы қай салада болсын қызмет етушіге шабыт беретіні сөзсіз. Әрі қарай отбасымның қолдауымен кәсібімнің көкжиегін кеңейтуге жоспар құрдым. Тұтынушылар көбейген сайын шабытым оянып, ерекше тәттілер жасауға тырысамын. Ешкімде жоқ ерекше дүниелер жасауға бала күнімнен өуеспің, – дейді ол.

Назгүлдің кондитерлік өнімдері қатарынан түрлі торттарды таба аласыз. Атап айтсақ, «Қызыл бар-

хат», «Вуппи пай», «Сүтті қыз», «Микс» торт, француздық кондитерлік өнім макарон мен бөліш, самсалар да бар. Аудан тұрғындарының дастарқанына сән мен тәтті дәм сыйлайтын кәсіпкер келіншек мерекелік туған күн көштері мен қатар тойларға да тапсырыс қабылдайды.

Кейіпкеріміз қазіргі таңда 2 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Кәсібін ең алғаш самса мен құймақ пісірумен бастаған Назгүл қазіргі таңда тәтті торттың түр-түрімен қатар жартылай дайындалған өнімдер, атап айтсақ, манты, тұшпара, кеспе мен еттің қамырына дейін дайындайды.

Оның айтуынша, ең жоғары сұранысқа ие өнім – тұшпара мен еттің қамыры. Кәсіпкер келіншек үй өнімдері сұранысқа ие болғандықтан алдағы уақытта тұрғындардың тандауына сай өнімнің санын еселеуді көздеп отыр.

Назгүлдің қазір тұрақты тұтынушылары бар. Ауданнан бөлек оған ауылдардан да жиі тапсырыс түседі екен. Бастысы, халықта сұраныс, ал кәсіпкерде ынта-жігер бар.

Ол алдағы уақытта кәсібін кеңейтіп, 5-6 адамды тұрақты жұмыспен қамту жоспарда барын жасырмады. Байқасаңыз, қазір көз келген дүкеннің төрінен жартылай дайын тамақтың барлық түрін тандап жүріп аласыз. Үнемі жұмыстан қолы босамайтын жас аналарға бұл – таптырмайтын мүмкіндік. Тек дайын өнімді үйге әкеліп, пісіре саласыз.

Бұл да – заманның, технологияның дамып келе жатқанының көрінісі, уақыт үнемдеудің бір түрі.

– Мен Назгүлдің өнімдерін тұрақты тұтынушылардың бірімін. Шынымында айтсам, әсіресе еттің қамырын жиі аламын. Қазақпыз ғой, апта сайын қонақ шақырамыз. Сондай кезде қамыр илеп, оны жайып үлгермей жатқанда Назгүлдің қамыры мені құтқарады. Одан бөлек шай ішеу тәттілер мен отбасымызда қандай да бір қуаныш болса, тортқа жиі тапсырыс беремін. Отбасым Назгүлдің қолынан шыққан тәттілерді сүйіп жейді. Сондықтан ай сайын оның өнімдерін молынан аламын. Бастысы, өнім таза әрі сапалы. Көз алдында таза әрі ешқандай артық қоспасыз жасалған сапалы өнімді тұтынған жақсы ғой. Осыған дейін үйімде қонақ болған меймандардың да көбісі Назгүлдің сапалы өнімдеріне тұтынушы болып үлгерді. Мұның бәрі еселі еңбектің жемісі екені айтпаса да түсінікті. Алдына нақты мақсат қойды және сол мүддеге талмай еңбек етті. Қазір соның жемісін көріп отыр, – дейді кент тұрғыны Назира Аяпова.

Жоғарыда атап өткенімдей, Назгүл – көпбалалы ана. Оның үлкен қызы бүгінге дейін анасына қолғабыс етіп, отбасылық кәсіптің жұмысын жүргізуге өз септігін тигізген. Ол қызының биыл 11 сыныпқа өтуіне байланысты цехтың жұмысынан босатып, бар ынтасын сабаққа беруіне жағдай жасаған. Ал жолдасы – теміржол саласы-



ның үздігі. Жол бойында өткел кезекшісі болып еңбек етеді. Кәсіптің көзін тауып, берекелі тұрмыс кешіп отырған осындай іскер келіншектерді көргенде шыны керек, іштей қуанасың. Асыл жар, бақытты ана, кәсіпкер келіншек атанып, өзінің де, өзгелің де напақасын адалынан табуына септігін тигізіп отыр.

Жас та болса үлкен кәсіпті деңгелетіп отырған кәсіпкер келіншектің жұмысымен танысып, тіршілігіне тәнті болдық. Бастапқыдай емес, қазір тұтынушылар қатары әлдеқайда артқан. Соған сай дайындалатын өнім түрі мен көлемі де көбейген.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Мереке қарсаңындағы марапат

«Ұлттық мұра» жобасы аясында ұлттық спортты ұлықтап, партия филиалымен тығыз байланыста жұмыс жасап жүрген спортшылар «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалында бас қосты. Кездесуде спортшыларды төл мерекесімен құттықтаған партия филиалының Атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева олардың еңбегін ерекше атап өтті.

– Спорт күні мерекесімен баршаңызды құттықтаймын. 2003 жылдан бері тамыз айының үшінші жексенбісінде атап өтілетін бұл мереке тек спортшылар мен жаттықтырушылар ғана емес, дене тәрбиесі мен спорттың насихаттайтын барша қазақстандыққа ортақ. Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. «Спорт – денсаулық кепілі» қағидасын берік ұстанған мемлекетіміз халқымыздың дені сау болуы үшін қолда бар мүмкіндіктің бәрін жасауда. Жыл сайын спортшы саңлақтарымыз ел намысын қорғап, қарым-қабілетін дүниежүзіне мойындатып келеді. Аудан спортшылары да республика көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде де мақтанарлық нәтижелерге қол жеткізіп, аудан абыройын асқақтатуда. Осы жолда сіздердің өткен еселі еңбектеріңіз бар, бүгінгі мерекемен сіздерді құттықтай отырып,

отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, – деді Қаншагүл Шоңмұрыңқызы.

Айта кетейік, марапат төрінен көрінгендер қатарында аудандық «Наркескен» спорт клубының қол добы үйірмесінің жаттықтырушысы Дархан Кіребаев, бір спорты үйірмесінің жаттықтырушысы Абдулхасан Сәйтенов, Бұқарбай батыр ауылының спорт нұсқаушысы Азамат Әуербәев, аудандық жабық бассейнінің нұсқаушысы Мейрамбек Оразбаев пен №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері Дулат Ырысбайұлы мен қарауылы Бауыржан Демесінов бар.

– «Наркескен» спорт клубында 2016 жылдан бері бір спорты үйірмесі өз жұмысын бастады. Бүгінде аудан әкімінің қолдауымен демеушілердің көмегімен бір спорты үйірмесі



талапқа сай қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Бұл жұмыстар бүгінде өз жемісін беріп, аталған спорт түрі ауданда қарқынды дамып, жыл сайын үйірмеге қатысатын жастар қатары артты. Қандай жарысқа барса да қорқыны бос қайтапайтын үйірме спортшылары біраз жетістікке жетіп үлгерген. Үйірмеге кент және ауылдардан аптасына 4 күн 60-қа жуық оқушы келеді. Онда 4 топ бар, оның біреуі – «Сауықтыру» тобы. Жігіттердің еңбекқорлығы талай сайыста байқалды. Олар спорт шеберіне үміткер атағын алу үшін біраз тер төкті. Нәтижесінде Төлеген Қайсар – спорт шебері, ал Нұрлан Қуаныш,

Сезім НҰР

Маман мерейі

Кейіпкеріміз Дархан Кіребаевтың спорт саласында еңбек етіп жүргеніне биыл 16 жыл. Ол – аудандық «Наркескен» спорт клубында қол добы үйірмесінің жаттықтырушысы. Бүгінде бұл спорт түрін өңірде дамыту бір жолға қойылған. Себебі жаттықтырушының айтуынша, үйірмеге 300-ге жуық спортшы келеді.

Дарханның дара жолы



Кейіпкеріміз мектеп қабырғасында жүріп баскетбол, волейбол ойындарын жетік меңгерген. Алғаш еңбек жолын 2009 жылы «Ерқайнар» спорт клубында спорт нұсқаушы болып бастаған. Кейін, яғни 2014 жылы «Наркескен» спорт клубына баскетбол үйірмесінің жаттықтырушысы болып жұмысқа қабылданып, шәкірт шыңдаған. Сондай-ақ волейболдан Қызылорда құрамасының үздік ойыншысы болған. Жергілікті спортшылармен бірге бірнеше мәрте аудан абыройын асқақтатқан. Уақыт өте, нақтырақ айтсақ, 2016 жылы спорт мектебінде қол добы үйірмесі ашылған. Кейіпкеріміз басшылықтың ұсынысымен сол жылдан бастап аталған үйірмеге жетекшілік етіп келеді.

– Үйірмені ең алғаш үш топпен бастадым. Яғни 54 оқушы қатысты. Қазір де үш топ бар, әр топта 18 оқушы бар. Қатысушыларды 9-10 жасынан бастап қабылдаймыз, олар аптаның 4 күнін жаттығу залында өткізеді, – дейді тәжірибелі жаттықтырушы Дархан Кіребаев.

Айта кетейік, ауданда қазіргі таңда гандбол спортына 300-ге жуық спортшы қатысады. Ал оларға 4 жаттықтырушы жетекшілік етеді. Білікті жаттықтырушының айтуынша, гандболшы қыздарды алдағы уақытта дүбірлі додалар күтіп тұр. Соның бірі – Қызылорда қаласында өтетін чемпионаттар. Оған барлық ауданнан гандболшы спортшылар қатысады.

Жалағаштық спортшылар бұл чемпионатта өзирге алғашқы үштікте өнер көрсетіп келеді. Сондай-ақ ауылдық жерлерде салауатты өмір салтын қалыптастырып, спорттың маңызын арттыру мақсатында өтетін дәстүрлі «Алтын күз – 2025» спорттық спартакиадасына да жүйелі дайындық жүргізілуде. Бұған дейін аудан спортшылары бұл додада қол добы сайысында қатарынан 3 жыл бойы үздік үштікті түйіндеген. Былғы мақсат – командалар арасында көш бастау.

Білікті бапкерден тәлім алған жас спортшылардың алды бүгінде спорт шеберіне үміткер, яғни Жанерке Тоқтар, Элизат Сәйтмұрат, Сандуғаш Жарболқызы, Айым Мұнайтпас, Әлинұр Төлеміз, Кәусар Алматықызы, Балнұр Берікқызы, Кәусар Каналхан, Інжу Бақыт есімді жас гандболшылар спорт шеберіне үміткер атағын алған. Ал Қарлығаш Алтынбек пен Альсина Қуанбаев – халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Қос спортшы аруымыз қазіргі таңда Қызылорда облысындағы «Қайсар» құрама командасының үлкендер тобында өнер көрсетсе, 5 кіші спортшы қыз да аталған команданың құрамына еніп, Қызылорданың намысын қорғап жүр.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қарлығаш пен Альсина бұл спортқа 2016 жылы келген. Оған дейін олар мектеп қабырғасында футбол, баскетбол сынды үйірмелерге қатысқан. Қос спортшы арумен қолымыздағы ұялы телефон арқылы тілдестік.

– Бірде дайындық барысында біздің мектепке жаттықтырушыым Дархан ағай келді. Қолында добы бар. Бізге қол добы ойынының шартын түсіндіріп, ойнап көруді ұсынды. Сол сәттен бастап менің бұл ойынға деген қызығушылығым ояңды. Күнде «Наркескен» спорт клубына жаттығуға барып, осы спорт түріне ден қойдым. Жаттықтырушы Дархан ағай дайындықта бар білгенім үйретіп шыңдады. Әр жаттығуға асыға баратынымын. Аудан командасымен жарыстарға барып, жақсы ойын өрнегін көрсетіп жүрдім, – дейді Қарлығаш Алтынбек.

Осылайша аудан командасында жүріп облыс командасына Кім Вячеслав Чан Себовичтен «Қайсар» облыс командасына шақырту алған олар әйелдер арасындағы суперлига ойындарында өнер көрсеткен. Айта кетейік, қазіргі таңда «Қайсар» командасы – 14 дүркін Қазақстан чемпионы, жазғы спартакиада ойындарынан 5 дүркін чемпион.

Спортшыларымыз «Қайсар» командасында жүріп Қазақстан Республикасының спорт шебері атағын алған. Мұнан бөлек 2022 жылдан бастап ҚР Ұлттық құрамасында ойнап, Ұлттық құрамамен бірге Словения, Македония, Корея, Гонконг елдерінде ел мерейін үстем еткен. Олар жастар арасында Азия біріншілігінде II, III орын иеленіп, клубтар арасындағы Азия ойынында II орын алған. Саладағы жетістігін Дархан ағайының дайындық жұмысымен байланыстырады. Өйткені «қаншама қиыншылықты сол кісімен бірге өңсердік» дейді.

Спортшы қыздардың алдағы уақытқа қойған жоспары көп. Олар қазір Шымкентте өтетін әйелдер командалары арасындағы XXXIII Қазақстан чемпионаты мен Алматыда клубтар арасында өтетін Азия чемпионатына қызу дайындық үстінде. Олардың басты мақсаты – шет елдерге жарысқа барып, еліміздің қол добы спортын жоғары деңгейде екенін көрсету. Жас спортшы қыздар болашақта жаттықтырушыларының жолын жалғап, ауданнан гандболшы қыздарды тәрбиелеп шығаруды көздейді. Осыдан-ақ Дарханның шәкірттеріне сіңірген еңбегі еселі екенін аңғардық. Шәкірттерін шыңға баулыған білікті бапкер алдағы уақытта да оларды шымыр етіп тәрбиелей бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кент және барлық елді мекенде тазалық жұмыстары ұйымдастырылып, тұрғындар мен мекеме қызметкерлері белсене атсалысты. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов кенттегі тазалық жұмыстарын бақылап, санитарлық тазалық кезінде жиналған қалдықтарды дер кезінде шығару жөнінде кент әкімі мен жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Сондай-ақ ол аудан бойынша тазалық жұмыстарына атсалысып жатқан азаматтардың еңбегі, туған жерге жана-шырлығы көпке үлгі екенін де айтты. «Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына

жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Әр адам өз ауласын тазартып, абаттандыруға көңіл бөлсе, ауаны да тазартып, ауданды да көркейтуге үлес қосар еді.



Сезім НҰР

Брифинг

Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы: негізгі кезең қалай жүреді?

Елімізде тамыз айында басталған Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 20 қазанға дейін жалғасады. Бұл кең ауқымды статистикалық бақылау елдің барлық өңірін қамтып, аграрлық сектордың жай-күйі туралы өзекті ақпараттың маңызды көзіне айналууда. Санақ онлайн және офлайн кезеңдерге бөлінеді. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық статистика бөлімінің басшысы Азамат Елеусінов осылай деді.



Айта кетейік, санақтың онлайн кезеңі 1-31 тамыз аралығында sapaq.gov.kz сайтында онлайн-сауалнама арқылы жүргізіледі. Бүгінде ауданда ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын шаруашылық құрылымдары аталған сайт арқылы сауалнамадан өтуде. Санақ жұмыстарын ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаменті Жалағаш ауданының статистика бөлімінің басшысы Азамат Елеусінов көңінен тарқатты.

– Бұл санақ еліміздің ауыл шаруашылығы саласы бойынша мәліметтерді жинап, талдап, аграрлық саясатты тиімді жүргізуге негіз болатын маңызды статистикалық зерттеу болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын барлық заңды тұлға, шаруа-фермер қожалықтары мен ұй шаруашылықтары sapaq.gov.kz сайтына электронды цифрлық қолтаңба арқылы кіріп, санақ парақтарын көрсетілген сауалдарға шынайы жауап беруі тиіс. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен

сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сайтқа кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, электрондық цифрлық қолтаңба, QR-код немесе СМС хабарлама арқылы авторизациядан өтеді. Сауалнама парағына кірген кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіш көрсетіледі. Осы жерде әрбір респондент ескеретін мәселе көрсетілген көрсеткіштерді сол күйі қалдыра алады немесе оларға өзгеріс енгізе алады. Егер респонденттің сауалнама парағын толтыру кезінде сұрақтар туындаса, аталған сайтта арнайы әзірленген жасанды интеллект арқылы жауап беретін sapaq-murza виртуалды көмекшісі көмек бере алады. Сондай-ақ 1446 нөмірі бойынша бюроньң байланыс орталығына хабарласуға болады. Санақ жүргізу үшін біз аудан бойынша жұмыссыз азаматтар мен студенттер қатарынан, сондай-ақ барлық ниет білдірген азамат санатынан 12-ден астам адамды интервьюер ретінде жұмысқа тартуды жоспарлап отырмыз, – деді Азамат Өмірзақұлы.

Айта кетейік санақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүргізілуде. Өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын ескере отырып, ҚР Үкіметімен белгітелген. Санақтың негізгі кезеңі 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өтеді. 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін интервьюерлер онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарына баратын болады.

– Біз барлық азаматты санаққа белсене қатысуға шақырамыз. Бұл – жай ғана статистикалық шара емес, азық-түлік қауіпсіздігі, фермерлерді қолдау және аймақтарды дамыту шешімдерінің негізі. Тек сенімді деректер ғана тиімді мемлекеттік аграрлық саясатты қалыптастыруға көмектеседі, – деді Азамат Елеусінов.

Сауалнамаға өсімдік шаруашылығымен, мал шаруашылығымен және балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, фермерлік қожалықтар қатысуы тиіс. Сондай-ақ үй-үйді аралау кезінде жеке қосалқы шаруашылық жүргізетін, бақшасы мен жер учаскесі бар, мал ұстайтын үй

шаруашылықтары сұралады. Санақ ауданның 6200-ден аса үй шаруашылығын және 1500-ге жуық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамтуды жоспарлап отыр.

Санақ жүргізу және оның мерзімдері туралы шешімді Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылдады. Оны өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және ауыл шаруашылығы жылының қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып тандалған.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының халықаралық ұсыныстарына сәйкес, ауыл шаруашылығы санағы әр 5-10 жыл сайын жүргізілуі керек. Бірақ Қазақстанда санақтың бұл түрі 2006-2007 жылдары ғана жүргізілді. Содан бері үлкен үзіліс болды. Ол кезде ауыл шаруашылық санағы екі кезеңде жүргізілді, өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы. Ал биыл барлығы бір мезетте өтеді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ауыл дамыса, алға басамыз



Мәдениет – аудандағы іргелі ауылдардың бірі. Туған жердің төл перзенті ретінде Мәдениет ауылының өсіп-өркендеуіне үлесімді қосып, адал қызмет етуді азаматтық парызым деп есептеймін. Ел аманатын арқалап, осы жолда өз бойымдағы қажыр-қайратымды, білім-біліктілігімді, парасат пайымымды жұмсап, елдің игілігіне қызмет етуге бекіндім. Мен үшін сайлаушылар сенімі бәрінен жоғары.

Жалпы өзім осы ауылдың азаматы болғаннан кейін елді мекеннің тыныс-тіршілігі, ондағы мәселелер маған таңсық емес. Бірінші кезекте қандай мәселелердің шешіміне жұмыс жасау қажеттігін де жақсы білемін. Мәселен, Мәдениет ауылы тұрғындарының аяқсу мәселесін шешу бүгінде ерекше маңызға ие. Өйткені ауылдағы ағайын күріштен бөлек ауласына бақша салу үшін осы мәселенің шешіміне жұмыс жасау керек. Ол үшін бірінші кезекте «Қорқытбай» каналының сағасын қайта салып, канал бойынан 3 жерден тоспа орнатуға жұмыс жасаймын. Сонда ғана елдің аяқсу мәселесін шешуге мүмкіндік туады.

Ауыл тұрғындарының мал жайылымдарын кеңейту мақсатында жұмыс жасау керек. Өйткені ауылда егінмен қатар мал шаруашылығы да қарқынды дамуда. Сондай-ақ оны әлі де ширатуға бар мүмкіндікті қарастыру керек.

Ауылымыздың кіреберісіндегі арқаға дейін жаңадан қоршаулар орнатып, ағаштар отырғызып, ауыл паспорттыңа жаңалау жұмыстарын жүргізіп, шаруашылық басшыларымен келісе отырып, ауылға кіреберіске абааттандыру жұмыстарын жүргізуді қолға аламын. Өйткені көркейту-көгалдандыру жұмыстарын ауыл-

ға кріберістен бастау қажет. Алтын бесік ауылымыздың санитарлық тазалық жұмыстарын көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жүргізуді күн тәртібінен түсірмеймін.

Жұмыссыздықты болдырмау мақсатында мемлекеттік бағдарламаларға кәсіпкерлерді тартып, ауылдық округ көлеміндегі шаруашылық басшыларымен бірлесіп, тұрғындардың жұмыспен қамтылуына басымдық беремін. Себебі жұмыссыздыққа тұсау салмай ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасын арттыра алмаймыз. Алдағы уақытта ауылда жаңа бос жұмыс орындарының ашылуына жағдай жасау қажет.

Ауылдағы көмекке мұқтаж азаматтарды, асыраушысы жоқ мүгедек жандарды, материалдық жағдайы төмен отбасыларды назарда ұстап, олардың мәселелерінің оңтайлы шешілуін бақылауда ұстаймын. Өйткені мен үшін халықтың бәрі бірдей. Олардың барлығының мәселесін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Ауылдың барлық көшесіне кезек-кезеңімен жарықтандыру жұмыстарын жүргіземін. Ішкі көшелер сапасының жақсаруына мен беріп, жол құрылысының қарқын алуына жұмыс жасаймын. Өйткені елді мекеннің инфрақұрылымын жақсартуды күн тәртібінен түсіруге

болмайды.

Ауылдағы әрбір отбасының мұң-мұқтажы мен ұсыныстарын қаперге алып, олардың маңызды мәселелеріне мұқият көңіл бөліп, елдің мәселесінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал етемін. Өйткені мен үшін жерлестерімнің талап-тілегі бәрінен маңызды. Сондықтан мүмкіндігінше олардың мәселесін шешуге жұмыс жасаймын.

Туған жердің түлеуіне, оның екінші тынысының ашылуына тамшыдай болса да үлес қосу – перзенттік парызым. Алдағы уақытта сайлаушылар қолдауымен әкім болсам, алға қойған мақсат-міндеттерімді орындап, ауылдың ертеңіне талмай еңбек етемін. Мен үшін ауыл халқының талап-тілегіне жұмыс жасау бәрінен маңызды. Сондықтан осы жолда аянбай еңбек етуге уәде беремін. Мұны сайлауалды бағдарламамда да айтқан болатынымын. Алдағы уақытта сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, осы мақсатқа еңбек етемін.

Ардақ ОРАЗБАЕВ,
Мәдениет ауылдық округі
әкіміне үміткер

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Ауылды дамыту – маңызды міндет

Өзім ауылда өскендіктен маған кез келген ауылдың мәселесі жақсы таныс. Оның ішінде Мәдениет ауылының бүгінгі тыныс-тіршілігімен етене таныспын. Жалпы ауылда алдағы уақытта шешімін табуы тиіс қандай мәселелер бар, тұрғындардың талап-тілегі қандай? Бұл сұрақтардың жауабын білгеннен кейін «ауылды түлету – парызым» деп алдағы сайлауға үміткер болуға бел будым.



Жалпы Мәдениет Жалағаш ауданындағы іргелі ауылдардың бірі екенін жақсы білемін. Мәдениет ауылдық округінің тыныс-тіршілігімен, ауылдағы қордаланған мәселелермен жіті таныспын. Алдағы сайлауда сіздердің қолдауларыңызбен әкім болсам, сол мәселелердің шешіміне жұмыс жасап, ауыл болашағын жарқын етуге бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Мұнда кәсіпкерлік саласында серпін қалыптасқан. Ауыл тұрғындары жыл сайын қайтарымсыз грантқа қол жеткізіп келеді. Осыдан-ақ ауылдағы ағайынның кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайданып отырғанын аңғаруға болады. Мен де бұл жүйелі жұмысты жалғастырып, жастар арасында жұмыссыздыққа тұсау салу үшін оларды кәсіпкерлікке бейімдеп, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде оқытуға, несие және грант алуға жәрдемдесемін. Ауылда өз кәсібін бастап, оның көкілегін кеңейткен деген жандарды сүйемелдеп, жұмыссыздық мәселесіне тұсау қоямын. Жалпы бұл бастамалар арқылы халықты кәсіпке баулимын. Сонда ғана ауылдың кірсі артып, халықтың тұрмыс сапасы көтеріледі.

Ауылда білім, денсаулық, спорт салаларының дамуына, халықтың сапалы медициналық ем алуына барлық жағдайды жасауға күш саламын. Ауыл балаларының сапалы білім алуына барлық мүмкіндікті қарастырамын. Елдің ертеңі бүгінгі жастардың келешегімен тікелей байланысты болғандықтан олардың бәсекеге қабілетті болып қалыптасуына барлық мүмкіндікті қарастырамын.

Жастардың бос уақытын тиімді пайдалануда арнайы жобаларды қолға алып, мектептер мен мәдениет үйінде үйірмелердің тұрақты жұмыс жасауына жағдай жасаймын. Бір сөзбен айтқанда, жастардың бос уақытын тиімді өткізіп, оларды өнер-білімге баулимын. Ол үшін ең алдымен алдағы уақытта ауыл

өнерпаздарының өнерін үлкен сахнада дәріптеп, олардың дүбірлі додаларда топ жаруына жұмыс жасаймын. Халықтың өлсіз топтары мен еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, мүгедек жандарға, мүгедек балаларға, жетім балаларға қолдау жасауына ықпал етемін. Оның ішінде жетім балалар мен аз қамтылған отбасы балаларына арнап жазғы лагерге жолдамалар алып беруге ықпал етемін.

Бірлік болмай тірлік болмайды. Қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет. Сондықтан ауылда көркейту-көгалдандыру, абааттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізуге жұмыла жұмыс жасауды ұйымдастырамын.

Ауылда жол құрылысының қарқын алуына бастамашы болып, елді мекеннің ішкі көшелерінің сапасын жақсартуға жұмыс жасаймын. Халықтың талап-тілегін тыңдай отырып, олардың мәселесін шешуді күн тәртібінен түсірмеймін. Өйткені елдің мәселесін ескерусіз қалдыруға болмайды.

Жалпы кез келген адам ауылды түлетуге тамшыдай болса да үлес қосыу керек. Ал бұл саяси науқан маған ауыл әкімі ретінде соны жүзеге асыруға берілген үлкен мүмкіндік деп білемін. Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру арқылы сіздердің қолдауларыңызбен халықтың өлеуметтік-экономикалық жағдайын, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын. Алдағы уақытта ауылдың гүлденуіне, ондағы халықтың тұрмыс сапасының артуына барлық күшімді саламын. Сондықтан мен алдағы уақытта Мәдениет ауылының ертеңіне талмай еңбек етемін. Ол үшін жергілікті ауыл тұрғындарын алдағы маңызды саяси науқанда қолдауға шақырамын.

Арман ХАМИТОВ,
Мәдениет ауылдық округі
әкіміне үміткер

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Жарқын жобалар ауыл ажарын айшықтайды



Мәдениет – бірлікпен тірлігін түзген ауыл. Осыған дейін ауданға қарасты бірнеше елді мекен тіректі ауыл мәртебесіне ие болды. Соның бірі – Мәдениет ауылы. Бұл елді мекен қазіргі таңда дамудың даңғыл жолына түсті. Десе де ел болған соң мәселе туындамауы мүмкін емес. Сайлауға түсудегі мақсатым да осы мәселелердің түйінін тарқату еді. Ел егесі болған соң, ауылдың әл-аухатын жақсартып, қордаланған мәселелерді шешуге тырысамын.

Туған жерге қызмет ету, оның дамуында өз қолтаңбанды қалдыру, сол жолда абыройлы, адал жұмыс жасау – кез келген адамның азаматтық міндеті. Мен үшін тұтас Жалағаш ауданы туған жерім деп есептеймін. Сондықтан осы ауданның, ауылдарының дамуына қажырлы еңбек ету менің негізгі мақсаттарымның бірі болып табылады.

Бір елге еге болып, жүйелі жұмыс жүргізу оңай іс емес. Қай елді мекенге әкім болсаң да, сондағы халықтың көшеігі, тіпті сол жердің алдағы болашағы сенің қарым-қабілетіңе тікелей байланысты. Сондықтан бұл қызметке келмесе бұрын нақты мақсат құрып алу керек. Мен алдағы саяси науқанға қатысу арқылы ауыл тұрғындарымен бірлесе жұмыс жасай отырып, ауылдың өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесімді қоссам деймін.

Ең алдымен мемлекеттік саясатты жүйелі түрде жүзеге асырып, ауылдың өлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, әрбір отбасының ұсынысы мен талап-тілегіне мұқият көңіл бөліп, пікірлерімен санасып, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешімін табуына жұмыс жасаймын. Сондай-ақ ауылда білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар саланың серпін алуына бар мүмкіндікті жасай отырып, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал етемін.

Мәдениет ауылдық округінде осыған дейін жол құрылысы қар-

қын алып, ішкі көшелер сапасын жақсартуға мен берілді. Бірақ бұл «ауылда енді жол сапасына қана-тысты мәселе жоқ» дегенді білдірмейді. Сондықтан алдағы уақытта жөндеуді қажет ететін ішкі көшелердің құрылысына жұмыс жасаймын. Сондай-ақ сол ішкі көшелерді жарықтандыруға басымдық беремін. Өйткені ауылда әлі де жарық бағаналарын орнатуды қажет ететін ішкі көшелер жетерлік.

Елдегі жұмыссыздық мәселесінің шешімін табуға күш саламын. Өйткені қазір халықтың тұрмыс сапасын арттыру бәрінен маңызды. Сондықтан ауылда кәсіпорындар қатарының көбейіп, тұрақты жұмыс орындарының ашылуына ықпал жасаймын. Тұрғындардың кәсіппен айналысуы үшін олардың мемлекеттік бағдарламалар арқылы қаржылай қолдауға ие болуына басымдық беремін. Сондай-ақ ауылдағы аяқсу мәселесіне нүкте қойып, шаруашылықтардан бөлек, жергілікті халықтың да ауласында бақша салуына жағдай жасаймын.

Жастар тәрбиесінде назардан тыс қалдырмай, қоғамдық тәртіпті сақталуын, ауылдағы кеш тазалығына мен беру, күл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын. Ауылда тазалық жұмыстарына басымдық беріп, елді мекеннің көркейту-көгалдануына жұмыс жасаймын.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың шешімін табуына жұмыс жасай отырып, ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалануы үшін мәдени-қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына ықпал жасап, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартамын. Халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілегін тыңдай отырып, елді мекеннің ертеңіне еңбек етемін.

Жалпы алдағы саяси науқан маған бүтін бір ауылдың жарқын болашаққа нық қадам басуына үлес қосуға берілген мүмкіндік деп білемін. Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру сіздердің қолдауларыңыз арқылы іске асады. Сондықтан мен сіздерді ауылдың озық өңірлердің үнемі алдында тұруы үшін мені қолдауға шақырамын. Ауыл тұрғындарымен қашанда бірге болып, сенімдеріңді ақтау жолында аянбай еңбек ету үшін өз міндеттерімді алға қоямын.

Халыққа қызмет көрсетуді өзіннің азаматтық борышы деп білемін. Сіздердің қолдауларыңызбен басым дауысқа ие болсам, осы мақсат-міндеттердің орындалуына күш саламын.

Жанар КАШАКОВА,
Мәдениет ауылдық округі
әкіміне үміткер

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Тоқсанбай ахун

Сыр өңіріндегі ахундар, ишандар мен мақсұмдардың көпшілігі Бұқара мен Ташкент қалаларындағы ірі діни оқу орындарынан білім алған. Солардың бірі – Тоқсанбай ахун Есқұлыұлы. Тоқсанбай ахунның өмірі жайлы қазіргі таңда деректер мен мәліметтер өте аз. Көнекөз қариялардың айтуынша, Тоқсанбай ахун шамамен 1875-1877 жылдары бұрынғы Сырдария облысы Перовск уезі Қаракөл-Қуандария болыстығының (қазіргі Аққыр, Жаңаталап ауылдары) аумағында дүниеге келген. Небәрі 38 жыл өмір сүріп, 1915 жылы «түйнемемен» ауырып, қайтыс болады. Аз ғана уақыт өмір сүргенімен артында ізгілікті істері қалып, жұрт аузында Тоқсанбай ахун аталып құрметтелген.

Ахунның әкесі Есқұлы тек Адамбай Сарқасқаға ғана емес, күллі Сыр өңіріне белгілі, сыйлы кісі болған. Ал арғы бабалары Байдаулет-Мықай болып тарқатылады. Анасы Патыма – Марал ишанның баласы Қалқай ишанның қызы. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, Тоқсанбай есейгенге дейін нағашыларының тәрбиесінде болып, сондағы ауыл молдасынан діни білім алып, сауат ашқан.

Кейін әкесі Есқұлы мен анасы Патыманың ықпалымен бұрынғы Қазалы уезіне қарасты Жамансор болыстығының №3 ауылындағы (қазіргі Қармақты ауданының аумағы) Ораз ахунның (Ораз-Мұхаммед) мешіт-медресесінде оқып, араб тілімен қатар көптеген діни ілімді игереді. Екі-үш жылдан кейін Ораз ахунның жолдамасымен Бұқарадағы Көкілташ медресесіне оқуға түседі. Аталған медреседе бірнеше жыл оқып, оны



үздік бітіргеннен кейін «ахун» деген діни-ғылыми атақ алып шығады.

Сол заманда Ораз ахунның мешіт-медресесінен ілім алған Қожабай ахун, Алдашбай ахун, Әлібай ахун, Тапап Шаймағамбет, Әбдікерім, Баймағамбет, Табынбай, Садық, Ақмырза ишан сынды т.б. көптеген тұлғалар ахунның жолдамасымен Бұқарадағы «Көкілташ», «Мир-араб» медреселерін бітіріп келіп, өз алдына бір-бір мешіт ашып, елді имандылыққа тәрбиелеген әулие, халыққа қадірлі адам болған.

Оқу орнын бітіріп келген Тоқсанбай ахун әуелде Қалқай ишанның ауылында молда болады. Ауылдастарының өтініші бойынша туған ауылына оралып, өзінің руластары Адамбай Сарғасқалардың балаларын оқытады. Жәрімбет, Тоқал Сарғасқа, Балқы, Сарыбай және тағы басқа әулеттердің

азаматтары Тоқсанбайға Жаңаталап пен Аққыр арасындағы «Құттыбай» құмының етегінен әулім мешіт салып береді.

Мешіт салынып біткеннен кейін онда үнемі намаз оқылып, үлкендер мен балаларға діни сауат беретін діни орталыққа айналады. Онда Тоқсанбай ахунның өзі ауыл балаларының діни сауатын ашып, шәкірттерін қайырымдылыққа, адалдыққа баулыған. Сонымен қатар ол кісіге қиянат жасамай, жетім-жесірлерге көмектесіп, халықтың пітір-садақаларын жоқ-жітікке үлестіріп беріп отырған еділ кісі болған.

Ақындар Ыбыраш Ержанұлы мен Жүсіп Таубайұлының 1913 жылғы айтысында: «Шамшадін Мырзекен мен ақын Садық, Қалжекен, Дәулетназар һәм Әлібай, Қожекен, Алдашекен, Шаймағамбет, Жылқайдар, Әбдікерім, бұл Тоқсанбай» деп сол замандағы Сыр өңіріне белгілі

бірталай діни қайраткерді жырға қосады.

Сонымен қатар Сыр сұлейі Тұрмағанбет ақынның Тоқсанбай ахунға арнап жазған «Молда Тоқсанбайға» деген арнауында: «Ете бер, ел атына жол басшылық, Сыйынып Қалқай, Марал нағашыңа, Осындай үлгілі сөз тауып берген, Риза бол тұқымындай тағашыңа» деген жолдар бар.

Осы өлең жолдарынан Тұрмағамбет Тоқсанбай ахунның елге басшылық жасап отырғанын және нағашылары Марал мен Қалқай ишандар екенін, соларға ұқсап дін жолына, елі мен халқына адал қызмет қылғанын көреміз.

Бұдан бөлек Тоқсанбай ахун жайлы ел аузында жүрген тағы аңыз әңгімелер бар. Тоқсанбай ахун өзінің ағайын-тумаластары Адамбай Сарғасқалармен бірге осы күнгі Аққыр ауылының батыс бетіндегі қыстауында отырады. Сол кезде өзінің жақын, рулас ағасы Зарқұм Қуанышұлы (1865-1918ж.ж.) бір топ қарулы жігітпен бірге қоныслас отырған тайпалар мен көршілес Түрікменстан, Қарақалпақ елінен барымталап мал айдап әкеліп, оларды ауылының кедей-кепшіктеріне таратып береді екен. Бірде Тоқсанбай ахун Зарқұмға «Бұндай жаман әдеттіңді қоймасаң, мен елден жыраққа кетемін. Сенің ұрлықпен тапқан арам малыңның етін байқамай жеп қойып, ертең оның ақыреттегі жауабы мен үшін ауыр болар» деп ескертеді.

Алайда Зарқұм інісінің сөзіне құлақ асып, мән бермей жүре береді. Содан Тоқсанбай ахун өз ағайындарынан бөлініп, осы күнгі Жаңаталап ауылының маңайындағы «Құттыбай» құмының етегіне келіп қоныстанатын. Сол жерде отырған Қаратамыр, Балқы, Жәрімбет, Тоқал Сарғасқа ағайындардың балаларын оқытып, мешіт ұстапты.

Бірде үлкен жиында елдің игі жақсылары бір үйде бас қосып, өңіме-дүкен құрады. Сол жерде көпшіліктің ішінен біреу тұрып дін тақырыбында сұрақ қояды. Бұрынғының салты бойынша үлкеннің алдында жастар түсіп сөйлемейтін, ұстаздан бұрын шәкіртінің жауап бермейтіні белгілі. Сол жерде Тоқсанбай ахун шыдамсыздық танытып, өзінің ұстазы Дәулетназар ахуннан бұрын елгі сұрақтың жауабын айтты. Сол кезде Дәулетназар ахун көзінің қиығымен Тоқсанбай ахунға бір қарайды. Алайда оны елемеген Тоқсанбай ахун ағасының алдын тағы орап кетіп, көлесі сұраққа да ұстазынан бұрын жауап қатыпты. Сол кезде Дәулетназар ахун тұрып «Әй, Тоқсанбайжан, байқаимын, осы сенің өмірің өтіп барады-ау...» деп күрсіне сөйлепті. Айтқанындай-ақ, көп ұзамай Тоқсанбай

ахун 38 жасында жұқпалы түйнеме (сібір жарасы) ауруы салдарынан қайтыс болыпты.

Қайтыс болғаннан кейін ағайындары мен ұрпақтары қам кесектен кесене тұрғызғанымен, ахунның мүрдесі ұйтпаймыз ішіне қойылмаған, «ұйтпағма жақсарлас салыңнан төртқұлақтың ішіне жерленген екен» деген аңыз бар.

Тоқсанбай ахуннан тараған ұрпақтарына келетін болсақ, үлкен ұлы Әлиасқар әке жолын қуып, мешітте ұстаздық етсе, екінші ұлы Әлішер Ақмешіт үездік кеңесінің бір сөзсіне Қаракөл-Қуандария болыстығынан делегат болып сайланған. Кейін Ташкент қаласында жоғары білім алып, сондағы бір ауданның Кеңес атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған. Ұрпақтары Ташкент қаласында. Әнис, Жәнис, Әлжан деген балаларынан тараған ұрпақтары Мақпалкөл, Жаңаталап ауылдарында тұрып жатыр.

Қазіргі таңда Тоқсанбай ахунның ұйтамы мен мешітінің құландысы Жаңаталап ауылының оңтүстік-батысында шамамен 14-15 шақырым жердегі «Құттыбай» құмындағы үлкен қорымның ішіндегі қалың сексеуіл мен жыңғылдың арасында тұр. Екеуінің арақашықтығы шамамен 100 метрдей. Мешіттің бұзылуының бір себебі, 1930 жылдардағы ашаршылықтың салдарынан қайтыс болған кісілерді жерлеу кезінде кірпіші мен ағашын пайдаланғандықтан бірте-бірте қирап, жойылып кеткен деседі.

Сондай-ақ кеңестің құдайсыз қоғамында жүргізілген колхоздастыру, отырықшыландыру, дін қызметкерлерін қудалау саясаты да кері әсерін тигізсе керек. Қазіргі таңда бір гасырдан астам уақыт бұрын тұрғызылған аудан тарихы үшін орасан зор маңызы бар Тоқсанбай ахунның ұйтамы уақыт деген қатал сыынның тезіне шыдамай, сүз беріп мүйізіліп, қирау алдында тұр.

Алдағы уақытта қам кесектерден салынған Тоқсанбай ахун ұйтамын мемлекеттік есепке алу, қайта қалпына келтіру мен қазіргі қалпын сақтап қалу мақсатында тұмшалау жұмыстары жүргізілмесе, өнді бір 5-10 жылдан соң одан мүлде айырылып қалуымыз мүмкін. Өткеннің белгісіндей, кешегінің куәсіндей болған сол тарихи нысанды бүгінгі тәуелсіз елдің ескеңе ұрпағы қамқорлығына алып, қорғауға, қастерлеп қарауға міндетті.

Қанат ЖАПАКОВ,
аудандық тарихи-өлкетану музейі
филиалының қызметкері

Сұхбат

Бибасия Дүйсенбиева, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы:

Барлық жетістік – нәтижелі еңбектің жемісі

Мәдениет – өмірдің мәйегі, сондықтан мемлекет бұл саланы қолдау қарқынын бәсеңдетпейді. Сол қолдаудың нәтижесін әріге бармай-ақ, бір ғана Жалағаш ауданынан байқаймыз. Бұл сөзімізді сала саңлақтарынан бөлек, өнерге бет бұрған бүгінгі буынның жетістігі де қуаттайды. Әсіресе ауылдық елді мекендердегі үйірмелер жұмысы да жастардың, балалардың шығармашылығын шыңдауға үлкен сеп болып отыр. Әлі де балалардың талабын шыңдауға қандай жобалар қолға алынбақ? Сала І жартыжылдықта қалай қорытындыланды? Алда қандай жоспарлар бар? Осы және басқа да бірқатар сауалдың түйінін Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бибасия Дүйсенбиева кеңінен тарқатты



– Жалағаш ауданы бойынша 17 мәдениет мекемесі жұмыс жасайды. Мәдениет және өнерді дамыту орталығы, 1 аудандық, 6 ауылдық мәдениет үйі мен 9 ауылдық клуб, 4 халықтық ұжым, №1 және №2 жылжымалы мәдени-демалыс кешені халыққа мәдени қызмет көрсетеді.

Былты жылдың ерекше жаңалықтарының бірі Жалағаш кентінде «Руханият» орталығының ғимараты пайдалануға берілді. Қазіргі таңда аудандық кітапхана, жастар ресурстық орталығы, қоғамдық кеңес, ардагерлер және аналар кеңесі, этнос өкілдері, аудандық тарихи-өлкетану музейі, АХАТ бөлімі, архив халыққа қызмет көрсетіп, түрлі мәдени шаралар өткізілуде. Осындай заман талабына сай үлкен нысанның аудан жұртының игілігін көруі мемлекеттің бұл салаға ерекше қамқорлығын тағы бір айғақтайды. Ал сіз айтып отырған оның нәтижесіне келсек, шүкір, аудандағы әріптестерім, салаға қалтқысыз қызмет етіп, жас таланттардың талабын шыңдауда нәтижелі еңбек етуде.

– **Өзіңіз басылып ететін бөлім биыл І жартыжылдықты қалай қорытындылады?**

– 2025 жылдың 6 айында балалар мен жасөспірімдердің мәдени тәрбиесін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған үйірмелермен қамту бағытында 108 үйірме жұмыс жасады. Оған 1 190 өнерпаз тартылды. Был тағы жаңадан 1 үйірме ашылды. Оның ішінде 6-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қатысатын 79 үйірме бар. Онда бүгінде 850 бала қамтылған. Былтыр 6 айда барлығы 106 үйірме жұмыс жасап, оған 1177 өнерпаз тартылса, 6-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қатысатын 78 үйірме жұмыс жасап, оған 829 бала қатысты.

– **Жалпы балалардың бойындағы шығармашылығын дамытып, талабын шыңдауда бұл үйірмелердің рөлі қандай?**

– «Ерекше маңызға ие» деп нық сеніммен айта аламын. Мәселен, Жалағаш ауданы бойынша мәдениет үйлері мен клуб кәсіпорындарындағы үйірме қатысушылары 3 халықаралық, 5 республикалық, 28 облыстық,14 аудандық байқауға қатысып, жүлделі орындардан көрінді. Ал былтыр үйірмеге қатысушы өнерпаздар 5 халықаралық, 11 республикалық, 18 облыстық, 7 аудандық байқауға қатысып, жүлделі орындар иеленген болатын.

«Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасының ауданда орындалу барысы қалай? – Ауданда «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасына

сәйкес ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, балалар мен жасөспірімдерді мәдени тәрбиемен қамтуға бағытталған түрлі форматтағы 747 іс-шара өтті. Оның ішінде театр қойылымдары, шығармашылық конкурстар, фестивальдер, конференциялар, сұхбаттар, акциялар ұйымдастырылды. Оған 69 142 көрермен тартылды.

Былтыр да осы негізінде 473 іс-шара өткен болатын. Оның ішінде театр қойылымдары, шығармашылық конкурстар, фестивальдер, конференциялар, сұхбаттар, акциялар бар. Оған 28 430 көрермен қамтылған.

– **Биыл ауданда қандай маңызды шаралар өтті? Сондай-ақ олардың балалар шығармашылығын шыңдауда маңызы бар ма?**

– Біз мына нәрсені ескеруіміз керек. Аудандағы кез келген шараны тек өз деңгейінде өткізумен шектелмеуіміз керек. Бұл шараларды жоғары деңгейде өткізе отырып, балалар шығармашылығын дамытуға, қажет болса, өзіміздің де шығармашылығымызды бір шыңдап алуға жұмыс жасауымыз керек.

Биыл Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде «Біздің концерт» қойылым-концерті, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығына арналған «ХХҮІІ Бозторғай» байқауының аудандық іріктеу кезеңі, халықаралық би күніне орай «Би жылдызы» атты бишілердің аудандық фестивалі-концерті, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты шара, 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған «Мәдениетім – мәртебем» атты салтанатты мерекелік шара өткізілді. «Руханият» орталығында «Арт уақыт» жобасы аясында орталық жанынан ашылған камералық ансамбльдің «Классика» атты есепті концерті және осы жоба аясында «Ардагерлер өуені» атты мәдениет және өнер ардагерлерінің облыстық өнер фестивалі өткізілді. Наурыз мерекесін тойлау қарсаңында «Наурызнама» онкүндігі, «Нұр себеле, Әз Наурыз» атты театрландырылған қойылым болды. Міне, біз дәл осы шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыру арқылы өзіміздің де, балалардың да шығармашылығын, талантын бір шыңдадық.

Мұнан бөлек 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай орталық алаңда ауқымды шара, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Таң ауылдық округінде боздақтарды еске алуға арналған «Ер есімі – ел есінде» атты ескерткіш монументінің салтанатты түрде ашылу рәсімі өз деңгейінде ұйымдастырылды. Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі жанындағы «Халық» театры жергілікті тарихшы Марат Шемекейдің «Партизан Тұрғанбике» ІІ актілі драмасын аудан халқының назарына ұсынды. Бұл драмада Жалағаш ауданынан шыққан Ұлы Отан соғысының партизаны Тұрған-

бике (Тұрғаш) Жұмбаеваның соғыс уақытындағы өмірі баяндалады.

Жаңадан бой көтерген «Руханият» орталығы ғимаратының алдында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мерекелік шара, орталық алаңдағы Рәміздер алаңында 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері күніне орай «Еңсесі биік – егемен елімі!» атты салтанатты шара ұйымдастырылды. 23 маусым күні мемлекеттік қызметші және Полиция қызметкерлерінің күні аталып өтті.

– **Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай облыстық өнер байқауын өзіңіз басылып ететін аудан өнерпаздары қалай қорытындылады?**

Облыс орталығындағы орталық алаңда Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» тақырыбымен өткен облыстық өнер байқауына жалағаштық өнерпаздар да қатысып, қала тұрғындары мен қонақтарына рухани демалыс сыйлап, байқау қорытындысы бойынша жүлделі 2 орын иеленді. Жалпы бұл байқауға әріптестерім үлкен дайындықпен барды. Сондай-ақ соның жақсы нәтижесін көрдік. Бұдан бөлек басқа да өнер бөсекесіне өзін қосқан барлық әріптесімнің есқайсысы жүлдеге қайтқан емес. Сондықтан әріптестерімнің жұмысын жоғары бағалаймын.

– **Ауылдық елді мекендерде мұндай үлкен шаралар ұйымдастырыла ма?**

Әлбетте, біз облыстық және одан дық үлкен деңгейдегі шаралармен ауылдағы ағайынды да қамтуға тырысамыз. Мәселен, Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет үйінде «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығының «Әлем – ВООК» жобасы аясында «Ұлы Жеңісті жырлаймыз» атты Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай облыстық жас жазба ақындар мүшәйрасы ұйымдастырылды. Жаңадария ауылдық клубының ұйымдастыруымен 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының ардагері Ысқақ Нұржанұлының 100 жылдығына арналған «Ерлігі – елге мұра, ұрпаққа ұран» атты облыстық патриоттық ән байқауы өтті. Мұнан өзге де үлкен шаралар ауылдық елді мекендерде көптеп ұйымдастырылып, халықтың ықыласына бөлендік. Салада жеткен әрбір жетістігімізді осы халыққа өткен қызметімізбен және тұрғындардың алғысымен байланыстырамыз.

– **Жалпы қазір аудан жұртына кітап оқуды насихаттауда қандай жазалар қолға алынууда?**

– Бұл бағытта жыл басынан бері 708 мәдени-көпшілік шара өткізіліп, оған 16 554 оқырман қамтылды. Жалпы аудандағы кітап қоры – 377 268, мемлекеттік тілде – 233 796. Оқырман саны – 9829, кітап берілімі – 181 991, келушілер саны – 79 253.

Былтыр 6 айда 707 мәдени-көпшілік шара өткізілген. Кітап қоры 377 268, оқырман саны 9764, кітап берілімі 181 507, келушілер саны 79 251 болды.

Аудан кітапханаларында кітап басылымдарын цифрлық форматқа көшіру жұмыстары жалғасуда. Аудандық кітапхана қорындағы 916 дана жергілікті ақын-жазушылардың кітабы мен 2440 дана жергілікті мерзімді басылымының электрондық көшірмелерін сандық форматқа көшіріп, бүгінге дейін 1380 оқырманның пайдалануына мүмкіндік берілді.

Сондай-ақ цифрлық кітапханаларға тегін қол жеткізуді қамтамасыз ету бағытында «Руханият» орталығында электронды залдың мүмкіндігі жоғары. Оқырмандар Қазақстандағы кітапханалардың жиынтық электрондық каталогына, «kazneб.kz» мобилді қосымшасы да тиімді пайдалануда. Қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында аудандық кітапхана түнгі мезгілде де жұмыс жасауда.

Аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай «Кітапхана – ғажайып әлем» мәдени акция, «Кітап – әлемнің жарысы» викториналық ойын, «Шын жүректен кітап сыиала» акциясы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын Серік Бистаевпен көздесу көші, «Ұлттық өнер қалыптастырушы» тақырыбында сурет-

ші Зәкіров Қайырбай ағамыздың 80 жылдығына орай әуесқой суретшілер арасында шеберлік сағаты, «Зәң және тәртіп апталығы» акциясының «Адалдық күні» аясында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ парызымыз» атты ашық есік күні өтті. Сондай-ақ «Тазалық сақшысы» атты жұмысшы мамандармен көздесу, «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығының «Әлем Book» оқырмандар клубы аясында Мәрәлі Шәменов ауылдық мәдениет үйі мен кітапхананың ұйымдастыруымен мәдениет қызметкерлері арасында «Қызық QUIZ» интеллектуалды сайыс, Таң ауылдық кітапханасында «Кітап өліміне саяхат» атты ашық есік күні, №2 филиал кітапханасында 3.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің коворкинг залында Сөйп Боранбайұлының 95 жылдығына орай «Сырлы сөзімді сырлы ақын» атты жыр көші, Жаңадария ауылдық кітапхана мен Жаңадария ауылдық клубының ұйымдастыруымен Жұмысшы мамандықтары жылына» орай жұмысшы мамандықтарды насихаттау мақсатында «Өмірі – өнеге, еңбегі – үлгі» атты Жаңадария ауылының жұмысшы мамандық иелерімен көздесу көші өткізілді. Сонымен қатар аудандық кітапхана жанынан «English club» және «Алтын қолдар» үйірмесі жұмыс жасайды, үйірмеге 31 жас оқырман қатысады.

– **Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бойынша қандай жұмыстар атқарылууда?**

– Ауданда есепке алынған 72 тарихи және мәдениет ескерткіші бар. Біреуінің республикалық маңызы бар, 30 жергілікті маңызы бар, 41 тарихи-мәдени мұра объектісі алдын ала есепке алынған. Аудан бойынша мемлекеттік тізімге енгізілген 72 ескерткіш толығымен теңгерімге алынған. Олардың ішінде 38 ескерткіштің мемлекеттік жер құқығын табыстау актісі мен техникалық паспорты заңдастырылған. Заңдастырылмаған (мемлекеттік жер құқығын табыстау актісі мен техникалық паспорты) 34 ескерткіштің құжаттарын рәсімдеу мақсатында аймақтарын жерге орналастыру жобалары мен жер актілерін әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан бойынша 17 ескерткішке QR-код тақтайшалары орнатылды. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында 14 ескерткіш аумағында көркейту-көгалдандыру, тазалық жұмыстары ұйымдастырылды. Быыл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен, сондай-ақ жастардың қатысуымен (маргинал оқушы, студент, жасыл ел еңбек жасағы сарбаздары) Қалжан ахун, Оқшы Ата, Сауран, Сығанақ, Қожа Ахмет Яссауи кесенелеріне саяхат ұйымдастырылды. Саяхаттың мақсаты жастарға қазақ халқының ұлттық құндылықтарын насихаттап, тарихын терең білуге шақыру болып табылады.

– **Мемлекеттік тіл саясатының орындалу барысы қалай?**

Тілдік ахуалды бейнелейтін басты көрсеткіш – құжат айналымы. Осы ретте мемлекеттік органдардағы тілдік ахуалға жергізілген мониторинг нәтижесінде мемлекеттік тілдегі шығыс құжатының үлесі 100 пайызды құрап отыр.

Көрнекі ақпараттың пайдалануын бақылаудың өңірлерді қамту дәрежесі басты назарда. Тоқсан сайын мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Қызылорда облыстық тілдерді оқыту орталығының мемлекеттік тіл мамандарының қатысуымен көрнекі ақпараттарға түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 21-бап талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан бері 10 кәсіпкерлік субъектісіне (дүкендер, жарнама агенттігі, мейрамхана, сән салондары т.б.) мониторинг жұмыстары жүргізілді. Аудандағы шағын және орта бизнес өкілдеріне көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың сауаттылығын қадағалау және реттеу мақсатында whatsapp, телеграмм әлеуметтік желілері арқылы әдістемелік көмек көрсету ұсынылған.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Бәрекелді!

Қарақат Сейлханқызының би өнерін қолға алғанына 10 жылға жуықтаған. Ең алғаш балабақша қабырғасында қазақ биін билеген ару уақыт өте оған қызығушылығы артып, осы салаға бет бұрады. Бүгінде ол – аудандағы «Қарақат» би студиясының жетекшісі. Ашылғанына небәрі 3 ай болған орталық күні кеше Шымкент қаласында өткен халықаралық жарыста үздіктер қатарынан көрінді.

Бишілер бағындырған белес



Кейіпкеріміз Шымкент қаласында өткен халықаралық «DANCE BATTLE» байқауына тура 1 ай дайындалғанын айтады. Аталған байқауға бірнеше облыс пен аудандардан 40 би тобы қатысқан. Жарысқа «Қарақат» би студиясының 5-6 жас ерекшелігіне қарай «Crystals» би тобы қатысып, «Көңілді қыздар достығы» биін орындаған. Қатысушыларға елімізге белгілі хореограф Б.Махаматсалиев, С.Сәинова, Р.Абрахимова төрелік етті.

Кіл мықтылар бас қосқан байқауда ерекше биімен көпшіліктің көңілінен шығып, қазылар алқасының ыстық ықыласына бөленген жалағаштық жас өрендер халықаралық би сайысында І орынды иеленді. Мың бұралған бишілеріміз қазылар алқасын өнерімен тандай қақтырып, «Жалағаштық бишілер – бүгінгі байқаудың үздіктері» деген мақтауды да естіп қайтты. Сондай-ақ бүлдіршіндердің жетекшісі Қарақат Сейлханқызы да бұл байқауда арнайы дипломмен марапатталды.

– Өзім ес білгелі биге қатты қызығатынымын. Ең алғаш балабақшадағы Мақпал есімді жетекшім мені түрлі шараларда биге дайындап, топтың алдына қойып, биге деген қызығушылығымды оятты. Содан бастап балабақшадағы, мектептегі барлық шараға белсене қатысып, әр ұлттың биін билеп, жарыстарға да қатыса бастадым. Бала күннен айналысқан сүйікті ісім бүгінде мамандығыма айналды. М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде білім алып, қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде хореография мамандығы бойынша магистратура оқудамын. Мектеп оқыған жылдары бізде би үйірмесі көп болмады. Сол кезде осы саланың жолына түсіп, ауданда би студиясын ашамын деп алдымыма нақты мақсат қойдым. Қазіргі таңда би топтары көп болғанымен, үйірмелер саусақпен санарлық. Десе де қыздарын биге қатыстырғысы келетін аналар көп, – дейді кейіпкеріміз.

Қарақат студиясы ең алғаш 20 баламен өз жұмысын бастаған. Ал қазіргі таңда мұнда 40-тан аса оқушы бар. Олар жас ерекшеліктеріне қарай 2 топқа бөлінеді. Үлкен топ 7-12 жас аралығы болса, кіші топ 5-6 жас аралығында. Алайда ата-аналардың өтінішімен кіші топқа қазір 4 жастан бастап бүлдіршіндер қабылдандуа. Себебі Қарақат шәкірттерінің кешегі жеңісінен кейін балаларын биге қатыстыруға ниет білдірген аналар қатары едәуір артқанын айтады.

Кейіпкеріміздің шәкірттері үйірмеге аптасына үш рет келеді. Ол би студиясы тек балалардың өнерге деген қабілетін ашып қана қоймай, кез келген ортада өздерін еркін ұстап, ойын ашық айтуға септігін тигізетінін тілге тиек етті. Әр бала – әрбір үйдің еркесі. Олардың барлығының басын бір арнаға тоғыстырып, бірдей қимыл жасату оңай іс емес. Осы жайтты ескерген кейіпкеріміз әр баламен жеке жұмыс жасап, оның талғамы мен икеміне қарай қимылдарды үйрететінін айтады.

Айта кетейік, кіші топтың шығармашылық қоржынында 2 би болса, үлкен топта 3 би бар. Ал сахнада өзирге бір ғана би жарық көрген. Кішкентай бүлдіршіндер алғашқы сайыстарын халықаралық байқаудан бастаған. Жарысқа кіші топтың 11 бүлдіршіні барып, өнерлерін ортаға салды.

– Жарысқа қимылы жеңіл балалар ұмытып қалмайтындай би шығардым. Дайындық барысында бидің әр элементіне жеке-жеке тоқталып, денені қалай ұстау керек, аяқ қалай тұру керектігін шәкірттеріме жіті түсіндірдім. Сахнада олар еш қобалжымай биді оймдағыдан жоғары дәрежеде орындап шықты. Кеше ғана балабақшамен қоштасып, мектеп табалдырығын енді аттағалы отырған балалар үшін өріне, бұл – үлкен жеңіс. Осы орайда менің жанымнан табылып, қолдау көрсеткен ата-аналарға алғысымды білдіремін. Олар қыздарының киімің, қажетті заттарын тауып, сахнаға шығарда «менің қызым, сенің қызым» деп бөліп жармай, бөріне бірдей қарап, барлығын киіндіріп, шаштарын дұрыстап көмектесті, – дейді Қарақат Сейлханқызы.

Білікті маманнан білім алатын бүлдіршіндердің биік белесті бағындыруы заңдылық. Шағын ғана би орталығының өнерпаздары мұнымен тоқтап қалмайды. Олар ұстаздарынан алған білімнің арқасында әлі талай би алаңында топ жармақ. Кейіпкеріміздің де мақсаты осы, бүлдіршіндерді өнерге баулуда аянбай еңбек етіп, олардың жетістікке жетуіне өз септігін тигізү.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1390

Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ